

Қасқыр басты көк байрақ (Сүйінбайға елендеу)

1,2,3,4,

Көк байрақпен «Қарасайлап»,

Қол басқарған бек Қазыбек.

Көк бөрідей жауға тиген

Қас батырым ер Қастек

2 рет

Көк байраққа бөрі басын

Нарт Қасқары таққан-ды

Көк бөріні көрген дағы

Қас жауым да жасқанды

1234 1234

Көк байрақты ту ғып тіккен

Ел басқарған Нұрсұлтан

Көк жап(ы)рағы гүлдеп шыққан

Мемлекетім Қазақстан

Көк байраққа бөрі басын

Жаңғыртып тағамыз

Өр ұлдарын шап(ы)раштының

Тас қылып жиямыз

Бөрілі найза ұстағанда

Жау-дұшпанды түйреймін

Бөрілі байрақ құлағанда

Бауырлармен күйреймін

Көк байрақпен «Қарасайлап»,

Селдей боп шабамыз.

Жау-дұшпанды талқан қылып,

Қанына батамыз

Көк байрақпен «Қарасайлап»,

Бір қол боп шабамыз.

Көк бөрімен жанымызда

Шапырашты бабамыз

2010

Бөрілі байрақ астында

Бөгеліп көрген жан емен

Бөрідей жортып кеткенде

Бөлініп көрген жан емен

Бөрілі найза ұстаса,

Түйремей көрген жан емен
Бөрілі байрақ құласа
күйремей көрген жан емен

Жау тисе жапан далада
Бөрілі найза атамыз
Қарасайлап шабамыз,
Қызыл қанға батамыз.
Бөрілі байрақ астында
ту түсіріп жау алған
Қазыбек, Қастек атамыз